

Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 552 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 шілдеде № 11805 болып тіркелді.

"Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6 ) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, біржолғы өтемақы төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (Т.А. Мұсабаев) заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналасуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 552 бұйрығымен  
бекітілген

**Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескеरту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Занының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленген және ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің,

ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу тәртібін айқындаиды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Біржолғы өтемақы төлеу:

1) ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда - оның мұрагерлеріне;

2) ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер қызметтік міндеттерін атқарған кезде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде тиісті ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге жүргізіледі.

3. Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің қаза табу (қайтыс болу), сондай-ақ олардың алған жарақатының, мертігуінің, ауруының мән-жайларын тексеру Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссия ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза табу (қайтыс болу) фактілерін растайтын қорытынды, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарына байланысты мүгедектік белгілеу туралы қорытынды енгізілген сәттен бастап, онымен еңбек қатынастарында тұратын (тұрған) жұмыс беруші осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша біржолғы өтемақы төлеуге ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) өтініш беру мүмкіндігі туралы біржолғы өтемақы алуға құқығы бар тұлғаларды (бұдан әрі – алушы) осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес күнтізбелік жеті күн ішінде жазбаша хабардар етеді.

5. Біржолғы өтемақы алу үшін ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер немесе оны алуға құқығы бар тұлғалар уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда:  
осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;  
жазатайым оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия қорытындысының көшірмесі;  
қайтыс болу туралы қуәлігінің немесе қайтыс болғаны туралы хабарлама;  
біржолғы өтемақы алушының жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;  
төлемге жүргінуші қаза тапқанның (қайтыс болғанның) мұрагері болып табылса,  
мұрагерлікке құқығы туралы қуәлік;

2) ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жарақатының, мертігуінің, ауруының  
салдарынан мүгедектік белгілеуге экелген:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының  
 себертеріне байланысты белгіленген мүгедектік туралы жазатайым оқиғаны тексеру  
 жөніндегі комиссия қорытындысының көшірмесі;

медициналық қорытындының көшірмесі;

мүгедектік туралы анықтама көшірмесі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және  
аэробарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Біржолғы өтемақы алуға құқығы бар тұлғалар өтемақы төлеу туралы өтініш берген кезде уәкілетті орган осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен ресімделуінің дұрыстығын тексереді және өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналына тіркейді.

Талап етілетін құжаттар толық ұсынылмаған немесе олар дұрыс ресімделмеген жағдайда, қайтару себептері көрсетіліп, құжаттарды ұсынған күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде өтініш берушіге қайтарылады.

7. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды тіркей отырып, тіркелген күнінен бастап жеті жұмыс күн ішінде біржолғы өтемақы төлеу туралы шешім шығарады.

8. Алушыға біржолғы өтемақы төлеуді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес тәртіппен бюджет қаражаты есебінен алушының Қазақстан Республикасының шегіндегі екінші деңгейдегі банктегі жеке шотына аудару арқылы өтініш беруші тиісті құжаттарды ұсынған сәттен бастап үш ай ішінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және  
аэробарыш өнеркәсібі министрінің 12.09.2022 № 322/НҚ (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ғарышкерлікке кандидатка,  
ғарышкерге қызметтік  
міндеттерін атқару кезінде алған  
жарақатының, мертігуінің,  
ауруының салдарынан мүгедектік

белгіленген кезде, сондай-ак ол  
қызметтік міндеттерін атқаруға  
байланысты қаза тапқан (қайтыс  
болған) жағдайда біржолғы  
өтемақы төлеу қагидаларына  
1-қосымша

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_  
(Фарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган басшысының Т.А.Ә.А.) мекенжайы  
бойынша тұратын \_\_\_\_\_ (өтініш  
берушінің тегі, аты, әкесінің аты) өтініш иесінің ЖСН \_\_\_\_\_

### Біржолғы өтемақы төлеуге өтініш

Сізден \_\_\_\_\_  
(залалды өтеу үшін негіздеме көрсетіледі)  
\_\_\_\_\_ байланысты  
маған біржолғы өтемақы төлеуінізді сұраймын.  
Маған тиесілі соманы \_\_\_\_\_  
(банктің атауы, банктің БСК-сы, алушының жеке шотының номірі немесе  
байланыс бөлімшесі арқылы аударған жағдайданың мекенжайы көрсетіледі)  
\_\_\_\_\_ аударуыңызды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

20 жылғы " " \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің қолы)

Фарышкерлікке кандидатқа,  
фарышкерге қызметтік  
міндеттерін атқару кезінде алған  
жаракатының, мертігінің,  
ауруының салдарынан мүгедектік  
белгіленген кезде, сондай-ак ол  
қызметтік міндеттерін атқаруға  
байланысты қаза тапқан (қайтыс  
болған) жағдайда біржолғы  
өтемақы төлеу қагидаларына  
2-қосымша

### Біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналы

Мертіккен, қаза тапқан фарышкерлі	Карау нәтижесі
---	----------------

p/h	Өтініштің тіркелген күні	к к е кандидаттың , ғарышкердің Т.А.Ә.А. және оның мекенжайы	Біржолғы өтемақы алушының Т.А.Ә.А. және оның мекенжайы	Біржолғы өтемақы төлеу үшін негіздеме	Біржолғы өтемақының сомасы	Төлем құжатының нөмірі мен күні	Бас тарту себебі
1	2	3	4	5	6	7	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК